


ХИМИЧЕСКАЯ ПРОМЫШЛЕННОСТЬ ЯНВАРЬ-СЕНТЯБРЬ 2023



720,3
МЛРД ТГ



+1,5%
ИФО

- промышленные газы
- красители и пигменты
- прочая неорганика
- прочая осн. органика
- удобрения и азотосодер. вещества
- пластмассы в первичных формах

\$1163

МЛН



ЭКСПОРТ

Импорт **92,4%**

Отп **7,6%**

\$3529


МЛН



РЫНОК



\$3261

МЛН



ИМПОРТ

Данные по рынкам, экспорту и импорту за январь-август 2023 г.



ПРОИЗВОДСТВО В РЕГИОНАХ, МЛРД ТЕНГЕ

2023 жылғы қаңтар-қыркүйектегі химия өнеркәсібі

Химия саласы өндірісінің көлемі 2023 ж. қаңтар-қыркүйекте өндіріс көлемі құндық көріністе 720,3 млрд теңгені құрады, бұл, 2022 ж. осы кезеңдегі көрсеткіштен 8,4% жоғары.

Заттай көріністе өндіріс көлемінің ең жоғары өсуін төмендегі тауарлар көрсетті: химия және онымен аралас салалардағы (сусындар өндірісі, ауыл шаруашылығы және коммуналдық шаруашылық, құрылыс және т.б.) тұтынушылық сұраныстың есебінен көміртек диоксиді (+11,1%), этил спирті (+8,0%), жуғыш заттар (+38,1%), бастапқы формадағы полиуретан (+13,3%), гипохлорит (+4,1%).

Химия өнімі өндірісінде негізгі үлесті түрлі органикалық емес заттар – 47,0%, тыңайтқыштар және азоттан тұратын заттар – 18,5%, басқа да химия өнімдері – 7,2%, бояғыштар және пигменттер – 6,0%, өнеркәсіптік газдар – 4,6%, бастапқы формадағы пластмасса – 3,9%, пестицидтер және басқа да агрохимия – 3,7% құрайды.

Физикалық көлем индексі талдау жүргізілген кезеңде 101,5% құрады.

Өнеркәсіптің аралас салаларында (ТМК, сусындар өндірісі, құрылыс және т.б.) тұтынушылық сұраныстың ұлғаюы өсудің негізгі себебі болды.

Химия өнімінің экспорты құндық көріністе 2023 ж. қаңтар-тамызда 1162,8 млн АҚШ долл. құрады, бұл, 2022 ж. осы көрсеткішпен салыстырғанда 5,9% артық. Негізгі экспорттаушы елдер: Ресей (34,0%), Өзбекстан (10,1%), Қытай (9,0%).

Химия өнеркәсібі өнімінің импорты 2023 ж. қаңтар-тамызда 3261,3 млн АҚШ долл. құрады, бұл, 2022 ж. осы кезең көрсеткішінен 17,0% артық.

Негізгі импорттаушы елдер: Ресей (38,4%), Қытай (17,2%), Германия (6,4%).

2023 жылғы қаңтар-тамызда химия өнімі нарығының көлемі 3 529,0 млн АҚШ долл. құрады (1 591,6 млрд теңге), бұл, 2022 ж. осы кезеңмен салыстырғанда 19% артық.

Барлық көрсеткіштердің өсуін атап өтуге болады: өндіріс (+12%), экспорт (+5,9%) және импорт (+17%). ОТӨ үлесі 1,5 п.п. өсті және 7,6% құрады. Импорт өнімінің үлесі 92,4% құрады.

2023 ж. қаңтар-қыркүйекте химия өнімі өндірісінің ең жоғары көлемі төмендегі өңірлерде байқалады: Жамбыл (30,1%), Шығыс Қазақстан (22,7%), Ақтөбе (8,1%), Қарағанды (7,5%), Ақмола (6,0%), Павлодар (5,6%) және Маңғыстау (4,0%) облыстарында.